


АЭА: ҮМІТ ПЕН ШЫНДЫҚ

5-БЕТ | САРАПТАМА



АЛЫП АБАЙ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Көптеген мемлекет Қазақстанмен достық қатынас орнатып, тиімді ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылады. Мұның өзі, бірінші кезекте, еліміздің халықаралық аренадағы абырой-беделі жоғары екенін және өзгелер бізбен санасатынын көрсетеді. Біз маңызды халықаралық проблемаларды шешуге өз үлесімізді қосып келеміз. Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға мүдделі алыс-жақын елдердің бәрімен ынтымақтастығымызды бағалаймыз.

№145
(4889)
Сейсенбі
9 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Қатар даму қоры Астанадағы «Әбу Насыр әл-Фараби» мешітінің жөндеу және кеңейту жұмыстарына 8 000 000 АҚШ долларын бөледі. Бұл туралы ҚМДБ баспасөз қызметі хабарлады.


ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының Қатарға ресми сапары барысында Қатар даму қорының бас директоры Фахд бин Хамад Әс-Суләйтимен кездесу өтті.

«Келіссөз нәтижесінде қор Астанадағы «Әбу Насыр әл-Фараби» мешітін жөндеу, қалпына келтіру, кеңейту және рухани-мәдени орталық салу жобасына 8 000 000 АҚШ доллары қаржы бөлуге келісті. Құрылыс жұмыстары қордың бақылауымен жүргізіліп, толық аяқталған соң ҚМДБ-ға табысталады» делінген хабарламада.



«Астана Тазалық» кәсіпорны магний негізіндегі қауіпсіз реагенттерді қолдануды бастады. Олар 0-ден -30°С-қа дейінгі температурада көктайғақ пен қарға қарсы жақсы әсер етеді.

Биыл «Астана Тазалық» кәсіпорны өз автопаркін ауқымды түрде жаңартты. Ал жыл соңына дейін тағы бірнеше техника жеткізілуі тиіс. Сондай-ақ биыл кәсіпорында көктайғақ пен қарға қарсы қолданылатын экологиялық таза отандық реагенттер дайындала бастады. Арнайы қоспалардың құрамында да қолданылатын магний хлориді (бишофит) бар. Мұндай реагенттер коррозияны азайтып, өңдеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



ҚАР ЖАУДЫ, ҚАРБАЛАС БАСТАЛДЫ

Астана кешеден бері ақ қарға оранды. Көп күттіріп жауған ақ қар қала тұрғындарын бір қуанышқа бөлегендей болды. Қала көшелерінде күнімен жапалақтап жауған қардың қызығын тамашалағандар көп жүрді. Ал коммуналдық шаруашылық қызметтері болса әдеттегідей күшейтілген жұмыс режиміне көшті. Қар тазалауға 1 мыңнан астам техника, 3 мыңнан астам жұмысшы кірісіп кетті.

ПАРИЖДЕН АСТАНАҒА ҰШАДЫ

Париж қаласында өткен Қазақстан – Франция іскерлік кеңесінің отырысы және экономикалық ынтымақтастық жөніндегі 16-шы Үкіметаралық комиссияның мәжілісінде Париж – Астана, Шымкент – Ницца бағыты бойынша әуе қатынасын іске қосу мәселелері қарастырылды.


Негізгі оқиға Airbus A320neo әуекемелерін жеткізу жөніндегі Меморандум папкаларымен алмасу рәсімі болды. Құжатта «алғашқы 25 ұшақты жеткізу және кейіннен қосымша санын 25 ұшаққа дейін арттыру мүмкіндігі» қарастырылған. Іс-шара барысында ҚР Көлік вице-министрі Талғат Ластаев пен Airbus компаниясының вице-президенті Шарбель Юзкатли 2031 жылға жоспарланған әуекемелерін жеткізу мерзімдері және оны жеделдету мүмкіндіктерін талқылады.

КӨМЕККЕ ӘЗІР – iКОМЕК

Биыл жыл басынан бері iКОМЕК109 қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығына 2 млн 78 мыңнан астам өтініш түсті, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты.

Қазіргі уақытта iКОМЕК109 орталығына 23 қалалық басқарма, 6 аудандық әкімдік, 25 коммуналдық қызмет, 79 лифт шаруашылығы және 1 372 тұрғын үйді басқарушы ұйым біріктірілген. iКОМЕК жүйесіне қала аумағындағы 12 мыңнан астам бейнебақылау камерасы қосылған.

Бүгінгі таңда өтініштердің 21 пайызы баламалы цифрлық сервистер арқылы қабылданады. Қысқа нөмір – 109-дан бөлек, iКОМЕК109 Бірыңғай байланыс орталығына жүгінудің тағы 6 тәсілі бар: Telegram-бот, әкімдік сайты astana.gov.kz, iКОМЕК109 мобильді қосымшасы, Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалар, сондай-ақ 109@ikomekastana.kz электрондық поштасы.



№145 (4889) 09/12/2025 Сейсенбі



ҚАЗАҚСТАН ОДАҚҚА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаевты қабылдады.

Кездесуде Еуразиялық экономикалық одақтың қазіргі жай-күйі мен одан әрі даму перспективасы талқыланды. Әңгімелесу кезінде Қазақстан Республикасының 2026 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа төрағалығы аясында атқаратын жұмыстарының басымдықтарына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл 21 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында өтетін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына дайындық барысы туралы ақпарат берілді.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІНДЕ НЕ ӨЗЕКТІ?

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне арналған жиын өтті.

Басқосуға Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Бас прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өмірәлиев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қатысты. Жиында Астана және Алматы қалалары, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстары әкімдерінің орынбасарлары баяндама жасап, балалар қауіпсіздігін қорғау саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды.

Ерлан Қарин балалар құқығы мен қауіпсіздігін қорғау ішкі саясат саласының басым бағыты әрі Мемлекет басшысының жіті назарындағы мәселе екенін еске салды. Мемлекеттік кеңесші елімізде балалардың құқығын қорғау саласында заңнамалық және институционалдық негіздер қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар «Қазақстан балалары» бағдарламасының жобасы аясында 100-ден астам іс-шарадан тұратын кешенді шаралар қарастырылып отырғанын жеткізді. Мұның барлығы балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін жетілдіруге бағытталған.

Ерлан Қарин Оқу-ағарту министрлігіне аталған бағыттағы жұмысты ұтымды үйлестіріп, бірлескен іс-қимыл шаралары мен тәсілдерін әзірлеуді тапсырды. Өңірлер басшылығының қатысуымен мұндай жиындар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Заңнамаға енгізілген өзгеріске сәйкес, жеке тұлғалар 1,5 жылдан бері банкроттығын рәсімдей алады. Осы уақыт аралығында 51 мыңнан астам жеке тұлға банкрот деп танылып, олардың 188 млрд теңге берешегі кешірілді.

Бұл туралы Қаржы министрінің орынбасары Ержан Біржанов мәлімдеді. Оның айтуынша, 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған шартындағы берешекті реттеу рәсімін жүргізу жөніндегі талап алынып тасталды. Бұрын мұндай құжаттың болуы міндетті еді. Енді борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін себебін көрсетпей-ақ тоқтата алады, сондай-ақ кредиттік бюро деректерінде көрсетілмеген қарыздарды қоса алғанда, қаржы ұйымдары алдындағы барлық міндеттемені тоқтату мүмкіндігі бар.

ЗАҢСЫЗ ОЙЫН БИЗНЕСІ ӘШКЕРЕЛЕНДІ

Қаржы мониторингі агенттігі трансшекаралық аударымдардың ауқымды тізбесін әшкереледі. Онда ақша төлем ұйымдары арқылы өткізіліп, заңды операциялар ретінде жасырынып, онлайн-казинонының пайдасына шығарылған.

Тізбені жүзеге асыру үшін финтех-сервистердің иелері букмекерлік кеңселермен жасалған жалған келісім-шарттар негізінде алынған «сұр» POS-терминалдар мен Terminal ID қолданған. Заңсыз операциялардың анықталған көлемі 600 млрд теңгеден асады.

Заңсыз іс-қимылға 20-дан астам төлем ұйымы, сондай-ақ екінші деңгейлі банктердің жекелеген лауазымды тұлғалары тартылған. Сонымен қатар төрт онлайн-казиноға техникалық қолдау көрсетіп, ақша операциялары бойынша кеңес берген Call-орталықтың қызметі тоқтатылды. Оның заңсыз жұмысына Қазақстан, Ресей, Беларусь, Испания және Вьетнам азаматтарынан құралған120 адам тартылған. Бұдан бөлек, Call-орталық ұйымдастырушылары криптовалюта арқылы қаражат қабылдап, шығаруды жүзеге асырған гемблинг негізіндегі серіктестік бағдарламасын құрған. Оның айналымы 200 млн АҚШ долларынан асып түсті. Осы іс-шараларды жүзеге асыру барысында 70-тен астам тінту жүргізіліп, заттай дәлелдемелер тәркіленді. Сот санкциясымен, олардың ішінде «Төлем ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ басшысының кеңесшісі бар тоғыз тұлғаға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Қазіргі уақытта олардың ішінде шетел азаматтары бар 8 адамды халықаралық іздеуге жариялау үшін материалдар дайындалуда.

ИРАН ПРЕЗИДЕНТІ КЕЛЕДІ

10-11 желтоқсан күндері Астанаға Иран Ислам Республикасының Президенті Масуд Пезешкиан ресми сапармен келеді.

Бұл туралы ақорданың телеграм-арнасы хабарлады. Сапар барысында тараптар жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізіп, сауда-экономикалық, көлік-логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақ-иран ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелерін талқылайды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізу, заңсыз қоқыс алаңдарын жою, ҚТҚ өңдеу жобаларын жүзеге асыру туралы баяндамасы тыңдалды. Сондай-ақ Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша сөз сөйледі.



«Президентіміздің «Таза Қазақстан» бастамасы кең ауқымды жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Мәселе тек ағаш отырғызу және қоқыс тазарту туралы болып отырған жоқ. Табиғатты қорғау идеясына бүкіл қоғамды біріктіру, жайлы да таза қоршаған орта қалыптастыру ісіне әрбір адамның белсенді қатысуы – біздің жұмысымыздың басты нәтижесі болуға тиіс. Табиғи байлықты сақтау, ауа мен судың тазалығын қамтамасыз ету, ресурстарды ұтымды пайдалану – біздің алдымызда тұрған басым міндеттер. Мемлекет басшысының бастамасы бір күндік науқан емес, жаңа экологиялық мәдениетті, сондай-ақ азаматтарымыздың күнделікті өмір салтын қалыптастыруға бағытталған тұрақты жұмыс» деп атап өтті Премьер-министр Олжас Бектенов.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында биыл республика бойынша 1 250 экологиялық іс-шара өткізілді, оның ішінде аумақтарды жинау, көгалдандыру және экологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді. 2,8 млн-нан астам ағаш отырғызылды, 1 млн гектардан астам жер тазартылды, шамамен 800 мың тонна қалдық жиналды. Осылайша, «Таза Қазақстан» акциясының нәтижесінде коммуналдық шаруашылықтың жүргізіліп жатқан қызметімен бірлесіп қалалар мен ауылдарда 3,8 млн ағаш отырғызылды. Бүгінгі таңда 18 млн-нан астам ағаш отырғызылды, бұл Президенттің 2025 жылға дейін елді мекендерде 15 млн көшет отырғызу міндетіне жауап береді.

Заңсыз қоқыс алаңдарын жою, ҚТҚ өңдеу жобаларын жүзеге асыру туралы баяндамасы тыңдалды. Сондай-ақ Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша сөз сөйледі.

«Президентіміздің «Таза Қазақстан» бастамасы кең ауқымды жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Мәселе тек ағаш отырғызу және қоқыс тазарту туралы болып отырған жоқ. Табиғатты қорғау идеясына бүкіл қоғамды біріктіру, жайлы да таза қоршаған орта қалыптастыру ісіне әрбір адамның белсенді қатысуы – біздің жұмысымыздың басты нәтижесі болуға тиіс. Табиғи байлықты сақтау, ауа мен судың тазалығын қамтамасыз ету, ресурстарды ұтымды пайдалану – біздің алдымызда тұрған басым міндеттер. Мемлекет басшысының бастамасы бір күндік науқан емес, жаңа экологиялық мәдениетті, сондай-ақ азаматтарымыздың күнделікті өмір салтын қалыптастыруға бағытталған тұрақты жұмыс» деп атап өтті Премьер-министр Олжас Бектенов.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында биыл республика бойынша 1 250 экологиялық іс-шара өткізілді, оның ішінде аумақтарды жинау, көгалдандыру және экологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді. 2,8 млн-нан астам ағаш отырғызылды, 1 млн гектардан астам жер тазартылды, шамамен 800 мың тонна қалдық жиналды. Осылайша, «Таза Қазақстан» акциясының нәтижесінде коммуналдық шаруашылықтың жүргізіліп жатқан қызметімен бірлесіп қалалар мен ауылдарда 3,8 млн ағаш отырғызылды. Бүгінгі таңда 18 млн-нан астам ағаш отырғызылды, бұл Президенттің 2025 жылға дейін 15 млн көшет отырғызу міндетіне жауап береді.

Заңсыз қоқыс алаңдарын жою жұмыстары жалғасуда. Құқық қорғау органдарымен бірлесе 1 300-ден астам мобильді топ жұмыс істеуде. Биыл ғарыштық мониторинг арқылы 3 833 полигон анықталды, олардың 80%-ы жойылды. 165 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы 12,4 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Жыл басынан бері @TazaQazBot телеграмм-чат платформасы арқылы 24 мыңнан астам өтінім түсті, оның 23 мыңнан астамы орындалды. Келіп түскен өтініштердің дені аумақтарды тазарту (8524), тұрмыстық қоқыстарды шығару (1709), көшелерді абаттандыру (1675) және жолдарды жөндеу (1480) жұмыстарына қатысты.

«Таза Қазақстан» бастамасындағы негізгі аспектілерінің бірі – қалдықтарды жауапкершілікпен өңдеу. Өңірлердің экологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін 8 жаңа ҚТҚ полигоны пайдалануға берілді. Қалдықтарын жинау, сұрыптау және қайта өңдеу бойынша, оның ішінде кәдеге жарату алымынан түсетін қаражат есебінен жалпы құны шамамен 89,4 млрд теңгені құрайтын 22 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асыру сатысында тұр. Тағы 40 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, Кешенді жоспарда қатты тұрмыстық қалдықтар бойынша 100 полигон салу көзделген.

Сондай-ақ Ерлан Нысанбаев Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 3 қоқыс өртеу зауытын салу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Биыл жалпы құны 293 млрд теңгені құрайтын инвестиция туралы тиісті келісімдерге қол қойылды. Сонымен қатар кәдеге жарату қаражаты есебінен құрамында тұрақты органикалық ластаушы заттары бар қалдықтарды басқаруға және сот шешімімен республикалық меншікке берілген иесіз қауіпті қалдықтарды жою көзделеді. Премьер-министр жұмыс қарқыны баяу Абай және Ұлытау облыстары әкімдерін тыңдады: өңірлерде полигондардың 36% және 53%-ы ғана жойылған. Олжас Бектенов тұрмыстық қатты қалдықтарға қатысты жағдайды түзету бойынша шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Жетісу облыстарының әкімдіктері жыл соңына дейін заңсыз қоқыс алаңдарын жою жұмыстарын аяқтауы қажет. Полигондар құрылысын жеделдету тапсырылды. Биыл шамамен 6,5 млн қазақстандық экологиялық акцияларға қатысты. Премьер-министр жастарға ерекше көңіл бөле отырып, халық арасында кең ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап өтті.


Аида Балаева экологиялық мәдениет қалыптастырудың жаңа тәсілдері туралы айтты. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы өскелең ұрпақ бойына еңбекқорлық, отансүйгіштік, экологиялық жауапкершілік құндылықтарын сіңіруде. Бүгінгі таңда оқушылардың 87,2%-ы қосымша экологиялық біліммен қамтылған. Олар үшін экология, биология, туризм, өлкетану және басқа да бағыттар бойынша клубтар мен үйірмелердің 380-ге жуық түрі жұмыс істейді. Қазіргі уақытта еліміздегі 35 жоғары оқу орнында экология саласы бойынша мамандар дайындайды. 2025-2026 оқу жылына «Қоршаған орта» бағыты бойынша 2358 мемлекеттік грант бөлінді. Жоғары оқу орындарында да еріктілік белсенді дамып келеді: студенттердің қатысу көрсеткіші 45%-ды құрады.

Президенттің орман қоры аумағында 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру барысы жеке мәселе ретінде қаралды. Экология министрінің айтуынша, 2021-2025 жылдар аралығында республика бойынша жалпы ауданы 918,4 мың гектар алқапқа 1 млрд 470 млн ағаш егілді, оның ішінде биыл 320 млн көшет отырғызылды.

№145 (4889) 09/12/2025 Сейсенбі

ЕЛОРДА – ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен «Қазақстан темiржолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов елорданың көлік жүйесін дамытуға қатысты кешенді стратегия әзірлеу бойынша жиын өткізді. Бұл туралы «Қазақстан темiржолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі мәлім етті.



Тараптар жол және көлік инфрақұрылымын жаңғыртуды, темiржол қатынасын қалалық ортаға интеграциялауды, сондай-ақ елорда шекараларында көлік-логистикалық жүйені, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және қалалық ұтқырлықты дамытуға бағытталған бірлескен жобаларды іске асыруды қоса алғанда, өзекті мәселелерді талқылады.

Астана бүгінде еліміздің негізгі көлік хабы болып табылып, ол арқылы Қазақстанның барлық өңірлерін байланыстыратын және одан тысқары шығатын аса маңызды темiржол, автомобиль және авиациялық маршруттар өтетіндігі аталды.

– Жеке инвестицияларды тарта отырып, қаланы айналып өтетін темiржол жолын салу жөніндегі басымдықты жоба жеке қаралды. Қала астананың даму мен халықаралық ынтымақтастық, инвестициялар тарту орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтып, логистикалық ағындарды басқаруда, жолаушылар мен жүк тасымалын үйлестіруде стратегиялық рөл атқарады, – делінген хабарламада.

Көлік тораптарына іргелес аумақтарды абаттандыру, логистиканы жақсарту және инфрақұрылым объектілерінің өткізу қабілетін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Диалог шеңберінде екі тарап қазіргі Астананың қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді және орнықты көлік жүйесін құру үшін күш-жігерді одан әрі үйлестіру туралы уағдаласты.

ТҰҒЫРДА – ӘКЕ МЕН БАЛА

Тәуелсіздік күні қарсаңында Астананың Koktal Junior Hall спорттық-шығармашылық орталығында «Әке мен бала – бір командада» атты отбасылық спорттық-әскери сайыс өтті.

Аталған сайыс Тәуелсіздік күніне орай және «Адал азамат» кешенді білім беру бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. Жарысқа Koktal Junior Hall орталығының тәрбиеленушілері, олардың әкелері және ҚР ІІМ Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қатысты.



Әкелер мен балалар командалық спорттық-әскери тапсырмаларды бірге орындады. Сайыс көрсеткендей, жас айырмашылығына қарамастан, түрлі буын өкілдері бірлескен күш-жігермен мақсатқа жете алады.

Іс-шара барысында қатысушылар әскери қызметшілермен кездесіп, олардан практикалық тәжірибе алды. Соңында әскери-спорттық командалар сыйлықтар мен грамоталармен марапатталса, ҚР ІІМ Ұлттық ұланының әскери қызметшілері алғыс хаттарға ие болды.

Соңғы уақытта Астанада отбасылық саясатты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, оның ішінде физикалық, психологиялық, экономикалық және сексуалдық қиянатқа ұшырағандарды қолдау жүзеге асырылуда. Қоғамдағы тұрақтылықты сақтау үшін әр отбасының ішіндегі жағымды атмосфераның маңызы зор екені айқын.

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫНДА ЖАРЫСТЫ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Астанадағы колледждер студенттері арасында құқықтық сауаттылық бойынша «Не? Қайда? Қашан» зияткерлік-танымдық ойыны ұйымдастырылды. Іс-шараны Сарыарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен «QORGAU» заңгерлер және медиаторлар зияткерлік клубы өткізді.



Райхан РАХМЕТОВА

7 кезеңнен тұрған ойында негізгі тапсырмалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бұзушылықтар, қылмыстар мен жаза түрлеріне қатысты болды. Қаладағы 7 колледждің студенттері 5 адамнан команда құрап қатысқан жарыста жастардың білімі ғана емес, түрлі ситуациялық жағдайлардан шыға білудегі тапқырлығы, ой ұшқырлығы, сонымен қатар сөз саптауындағы өзіне деген сенімділігі де сынға түсті.

Қатысушылар «Өзін-өзі таныстыру» бөлімінде алдын ала жасап әкелген слайдтар арқылы өздерін таныстырса, екінші кезең «Разминка» бөлімінде сайлауға қатысты анағұрлым көбірек сөз жазып жарысты, атап айтқанда, бюллетень, дауыс беру, үгіт-насихат және тағы басқа сөздерді жазды.

– Қазір қоғамда қандай мамандық иесі болса да, жас па, кәрі ме бәрібір, кез келген азамат құқықтық сауатты болуы керек. Бұл – заман талабы. Оның үстіне бұл жастар – ертең бірбір мекемеде қызмет ететін болашақ мамандар, сол кезде де олар адал, әділ, талапшылдық қасиеттерімен танылып, сапалы жұмыс атқаруы керек. Осылайша Мемлекет басшысы айтқандай, Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Соның іргетасын осындай түрлі танымдық іс-шаралар арқылы қалаймыз. Біздің клуб 2020 жылы заңгерлер мен медиаторлар үшін ашылған, дегенмен 5 жылдық жұмыс тәжірибеміз құқықтық білімді жалпы халық арасында күшейту керектігін көрсетті. Соған орай біз 2023 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы осы зияткерлік ойынын ұйымдастырып келеміз. Ойын сұрақтары аталған тақырып бойынша заң баптары мен әлемдік тәжірибе төңірегінде болады, – дейді «QORGAU» заңгерлер мен медиаторлар зияткерлік клубының басшысы Ботагөз Игенбаева.

Жарысқа заң саласының ғана емес, медицина, педагогика және басқа да мамандықтар бойынша білім алып жатқан жастар қатысты. Ойын жеңімпаздары арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары көшпелі отырыс барысында 2030 жылға дейінгі Астана реновациясы бағдарламасын талқылады.

РЕНОВАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Астана реновациясы бағдарламасына тұрғын үй қорының қазіргі жағдайын талдау, түгендеу жұмыстарын жүргізу, ғимараттарды жаңғырту тетіктері, апатты үйлердің тұрғындарын көшіру тәртібі, өтемақы түрлері мен қаржыландыру көздері кіреді. Бұл – қалалық ортаны жүйелі түрде жаңарту, елорда тұрғындары үшін қауіпсіз, сапалы әрі заманауи тұрғын үй қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Тиісті жоспарға сәйкес, осы уақытқа дейін тозған және апатты күйге түскен 177 тұрғын үйдің тұрғындарын көшіру көзделген. Бұл – сүрілуге жататын 4 345 пәтер. Жалпы 2013 жылдан бері 338 апатты үйдің тұрғындары көшіріліп, барлығы 5 843 пәтер босатылды. Бағдарламаны іске асыруды уәкілетті ұйым – «Елорда Даму» ЖШС жеке құрылыс компанияларын тарту арқылы жүзеге асырады.

Елордада 2035 жылға дейін реновацияның бірінші кезектегі аймақтары белгіленді. Олардың жалпы аумағы 2 582 гектарды құрайды. Соның ішінде 297 гектар – Байқоңыр ауданына, сондағы Асан Қайғы көшесіне тиесілі. Жаңа жоспарлау шешімдерінде жалпы ауданы 2,4 млн шаршы метр болатын 96 көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу қарастырылған.

Отырыста осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар ерекше қаралды. 2011-2024 жылдары бағдарлама операторы «Өркен қала» ЖШС 251 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізіп, 332 лифтті ауыстырды.

ЕРІКТІЛЕР ТИМБИЛДИНГ ӨТКІЗДІ

Елордада Dopsý Arena алаңында Халықаралық волонтерлер күніне орай Volunteer Fest тимбилдинг-байқауы өтті. Ерекше форматтағы іс-шараны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен ұйымдастырды.

Куест-сайыстарға қаладағы 50 волонтерлік ұйымның белсенділері қатысты. Командалық сегіз кезеңнен тұратын ойындар қатысушылардың бірлігі мен көшбасшылық қасиетін дамытуға, өзара қолдауды нығайтуға бағытталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жоба волонтерлердің басын қосып, әлеуметтік бастамалар саласындағы әріптестікті күшейтуге мүмкіндік береді.

«Астанада 70-тен астам волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Біздің басты мақсатымыз – олардың арасында достық қарым-қатынасты нығайту, тәжірибе алмасу және бейресми жағдайда ынтымақтастықты кеңейту. Volunteer Fest шарасы төртінші рет өтіп отыр, алайда спорттық форматта алғаш рет ұйымдастырылды. Волонтерлердің өзі мұндай формат мықтыларды анықтап қана қоймай, эмоциялық серпін береді деп атап өтіп отыр» деді «Астана жастары» ЖРО жастармен жұмыс және құқықбұзушылық профилактикасы бөлімінің басшысы Арайлым Сапарәлі.

Volunteer Fest жеңімпаздары мен белсенді қатысушыларына бағалы сыйлықтар, алғыс хаттар және естелік сыйлар табысталды.

«Волонтерлік – мейірімділік. Белсенді волонтерлерді көрген жастар да жақсылық жасауға ұмтылады. Біз үшін команда нығая түсетін, әркім жанындағы адамның қолдауын сезінетін осындай тимбилдингтерге қатысу маңызды. Бұрын мереке концерт түрінде өтетін, ал биылғы спорттық формат маған ерекше ұнады. Спорт адамдардың басын қосып қана қоймай, үлкен энергия береді» деді экологиялық ұйымның «күміс» волонтері Бахытгүл Торамиева.

Ал сайыс жеңімпаздарына марапаттарды мәслихат депутаттары және Астана қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері табыс етті.



№145 (4889) 09/12/2025 Сейсенбі

Шапағат ӘБДІР



ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОЮДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Жер бетінде халық саны артқан сайын адамның өзін-өзі асырауы да әртарапта болып жатыр. Әсіресе дамушы елдерде тұрақты әрі лайықты жұмыс орындарының тапшылығы артып, күнкөріс деңгейі қиындап барады. Демек, жұмыссыздықпен күрес – әлемдік деңгейде үздіксіз жүретін күрделі әлеуметтік-экономикалық міндет. International Labour Organization дерегіне сәйкес, бүгінгі таңда әлемде шамамен 183 миллион адам жұмыссыз, ал жалпы еңбек нарығына қосылғысы келетін, бірақ табысы жоқ адамдар саны 400 миллионнан асады. Дегенмен әр мемлекет өз азаматтарының жұмыспен қамтылуын басты орынға қоятыны анық. Әрі жұмыссыздықты жою мақсатында түрлі тәсіл ойлап тауып жатқаны да белгілі.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту органдарында 2025 жылғы наурыз айының соңына 323,7 мың адам жұмыссыз ретінде ресми тіркелген. Олардың үлесі жұмыс күшінің санынан 3,3% құрайды. Ал 15 пен 34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1%-ды құраған. Сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеу-зерттеу дерегі бойынша Қазақстан экономикасының түрлі саласында 9,3 млн адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 7,1 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 76,9%-ы) жалдамалы жұмыспен, 2,2 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 23,1%-ы) өзін-өзі жұмыспен қамтыған. Жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлесі сауда (17%), білім беру (13,4%), өнеркәсіп (12,5%) және ауыл шаруашылығы (10,3%) салаларында байқалды. Негізгі жұмыста орта есеппен бір жұмыспен қамтылғанның аптасына нақты жұмыс істеген сағаты – 39 сағатты, бір жалдамалы қызметкерге – 41 сағатты, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерге 36 сағатты құрайды. Жұмыссыз, бірақ жұмыс іздемеген немесе жұмысқа кірісуге дайын емес адамдар саны (әлеуетті жұмыс күші) 20 мың адамды құраған.

ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде жұмыссыздықты азайту мақсатында бірнеше жоба қолға алынып, тиімділігі жыл сайын артып келеді. Мәселен, Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, Еңбек мобильділігі орталығы бірлесіп, жұмыс іздеп жүрген тұлғалар, жоғары оқу орындарының түлектері және елорда жастары үшін қалалық бос жұмыс орындар жәрмеңкесін өткізіп тұрады. Онда 100-ге жуық жұмыс беруші өз компаниясының презентациясын өткізіп, бос вакансияларын ұсынып, өздеріне қолайлы кандидаттардың базасын қалыптастырады. Жұмыс іздеушілер, өз кезегінде, компаниялардың HR-менеджерімен тілдесіп, сұхбаттасудан өтіп, өзін қызықтырған сұрақтарын қояды. Осы арқылы көптеген жас тұрақты жұмыспен қамтылуда.

– Мұндай жәрмеңкелер – жастар үшін өзіне лайықты жұмыс табуға беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Ал мұндағы біздің мақсатымыз – жұмыс беруші мен жұмыс іздеушінің тікелей байланысын қалыптастыру. Біз ұйымдастырушы ретінде мамандыққа сәйкес келетін бос орындарды ұсыну арқылы жастардың тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасаймыз. Әрі қарай жұмыс беруші мен жас маман өзара келісіп, жұмыс шартын өздері анықтайды, – дейді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Олжас Амангелді.



JOLTAP ЖОБАСЫ ТИІМДІ МЕ?

2023 жылдың мамыр айынан бастап Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен Joltap жобасы іске қосылған еді. Аталған жоба қазірге дейін 17000 адамды оқытудан өткізген. 8000-нан астам түлек курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасқан немесе қосымша табыс тапқан.

Түлектерді жұмыспен қамту бірнеше бағыт бойынша жүйелі түрде жүзеге асады. Ең алдымен, jumystap.kz платформасы арқылы 4000-нан астам вакансия қолжетімді болып, күн сайын шамамен 30 жаңа ұсыныс жарияланады. Сонымен қатар сауда, қоғамдық тамақтандыру, сату, тігін өндірісі және өнеркәсіп салаларындағы ірі жұмыс берушілермен серіктестік орнаған. YDA, Kazakhstan Paramount Engineering, Ютария, Danmard және индустрия аймағындағы өзге де кәсіпорындар жоба қатысушыларын тұрақты түрде жұмысқа қабылдап келеді. Бұдан бөлек, түлектер арасында кәсіби қауымдастықтар қалыптасып, онда қатысушылар бір-бірімен тапсырыспен, жұмыс көлемімен және жобамен бөлісіп, өзара қолдау арқылы қосымша табыс табуға мүмкіндік береді. Шамамен 1500 түлек жеке кәсіп ашып, алған білімін қолдана отырып, шағын бизнесін жүргізе бастаған. Солардың бірі – жоба аясында жұмыс тауып, нәпақасын ажыратып отырған Нұргүл Жұмабекқызы. Ол – 4 баланың анасы. Негізгі мамандығы – мұғалім. Алайда бұған дейін мамандығы бойынша жұмыс істемеген.

– Үйде бала тәрбиесімен отырған анамын. Осы уақытқа дейін әртүрлі жұмыс істеп, өзімнің бағытымды айқындай алмай жүрдім. Істеген жұмыстарым көңілімнен шықпады. Бір күні қызым Joltap жобасы бойынша тегін курсты оқығысы келетінін айтты. Ол кезде жасы 18-ге толмаған еді. Ата-анасының бірі бірге баруы керек екен. Содан онымен бірге барып, жоба аясында қысқамерзімді түрлі курстың бар екенін білдім. Жасым 43-те болса да, өзімнің оқуға деген қызығушылығым оянып, тігін курсына жазылдым. Жоба мамандары да тігін курсын таңдауыма кеңес берді. Дегенмен тігінші болып кетемін деп ойламадым. Ал қызым SMM-курсына жазылды. Бір айдан соң сабағымыз басталды. Осылайша 22 күндік курсты оқып бітірдім, – дейді ол.

Оның сөзінше, жоба аясында тек курс оқытып қана қоймай, мамандар жұмысқа орналасуға да көмектескен.

– Кураторларымыз курс аяқталған соң да бізбен байланысты үзбеді. WhatsApp-та топ құрып, әрі қарай ақпаратпен бөлісіп отырды. Қай жерге жұмысқа орналасуға болатынын айтып, тігін фабрикаларындағы бос орындар туралы ақпарат жіберіп, көмектесіп жатыр. Курс бітірген кезде ұстаздарым тігін фабрикасынан жұмыс тауып берді. Бірақ ол жердің жұмыс кестесі таңнан кешке дейін болғандықтан, маған ыңғайсыз еді. Өйткені балаларымды мектепке апарып-алып келуім керек. Қазіргі таңда ательеде өзіме ыңғайлы кестемен жұмыс істеп жүрмін. Жұмысым өзіме ұнайды, түстен кейін сағат 16:00-де басталып, кешкі сағат 21:00-де аяқталады. Әлі де куратормынан кеңес сұрап тұрамын. Ол кісілерге көп рақмет! Енді алда тағы бір курс оқуды жоспарлап жүрмін, – деді Н.Жұмабекқызы.

«ӘДІЛДІК АЛАҢЫ» АШЫЛДЫ

Астаналық №97 мектеп-гимназияда «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Әділет мектебі» жобасы ұйымдастырылып, «Әділдік алаңы» кабинеті ашылды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Іс-шараға Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Астана қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсима Бимендина, Астана қаласы прокурорының аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова, Нұра ауданының прокуроры Ақылбек Құдірет, Астана қаласы Білім басқармасы кәмелетке толмағандар құқығын қорғау бөлімінің бас маманы Гүлсім Қасенова қатысты.

«Әділет мектебі» жобасының мақсаты – құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға ықпал ету.

– Мектебіміздің миссиясы – тарих, құқықтану пәндерін тереңдетіп оқыту. Кезекті оқу жылында бірнеше маңызды жоба жүзеге асты. Соның ішінде «Әділет мектебі» жобасының бағдарламасы, тұжырымдамасы, сабақ жоспары, практикалық бөлімі әзірленді. Бұл осыдан 2 жыл бұрын қолға алынды. Кабинетте дебат-тренинг, кездесу, тәжірибеге бағытталған сабақтар өтеді. Бүгінде жобаны Астананың 8 мектебімен бірлесіп жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. «Әділет мектебі» – заман талабынан туындаған бастама. Жоба аясында оқушыларды шығармашылыққа тарту бағытында бірнеше қысқаметражды фильм түсірілді. Олар мектептегі құқық бұзушылықтар тақырыбына арналған, – деді мектеп директоры Зәмзагүл Қиянова.



Биыл жыл басынан бері iKOMEK109 қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығына 2 млн 78 мыңнан астам өтініш түсті, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты.

ЕКІ МИЛЛИОННАН АСТАМ ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАДЫ

Қазіргі уақытта iKOMEK109 орталығына 23 қалалық басқарма, 6 аудандық әкімдік, 25 коммуналдық қызмет, 79 лифт шаруашылығы және 1 372 тұрғын үйді басқарушы ұйым біріктірілген.

Бірінші кезектегі міндет – тұрғындардың өтініштерін қашықтан жедел әрі тиімді шешу. Азаматтардың ыңғайлылығы үшін омниканалды қызмет қағидаты енгізілген. Бұл өтініш берушілерге түрлі арналар арқылы сұраныс жолдап, оның мәртебесін бақылауға мүмкіндік береді. Бүгінде өтініштердің 21 пайызы баламалы цифрлық сервистер арқылы қабылданады. Қысқа нөмір – 1-0-9-дан бөлек, iKOMEK109 Бірыңғай байланыс орталығына жүгінудің тағы 6 тәсілі бар: Telegram-бот, әкімдік сайты astana.gov.kz, iKOMEK109 мобильді қосымшасы, Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалар, сондай-ақ 109@ikomekastana.kz электрондық поштасы.

iKOMEK жүйесіне қала аумағындағы 12 мыңнан астам бейнебақылау камерасы қосылған. Олардың қатарында балабақшалар, мектептер, емханалар және басқа да нысандар бар. Негізінен, камералар жол бөлігін, қиылыстарды, халық көп жиналатын орындарды – сауда орталықтарын, мешіттерді, ірі автобус аялдамаларын, вокзалдарды қамтиды.

Сонымен қатар орталық операторлары маусымдық мониторинг аясында қардың уақытылы тазаланбауы, көктемгі су тасқыны мен жаңбыр кезіндегі су жиналу жағдайлары, ашық құдықтар және басқа да коммуналдық салаға қатысты проблемаларды анықтайды. Мұндай деректер қалалық коммуналдық қызметтермен жедел түрде пысықталады.

Қауіпсіздікті орталықтандырылған бақылау және тиімді үйлестіру үшін iKOMEK-ке Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері де тартылған. Олармен бірлесіп 2025 жылдың басынан бері 21 277 құқықбұзушылық анықталды. Оның ішінде:

- 615-бап (жаяу жүргіншілер мен жол қозғалысына қатысушылардың қозғалыс ережесін бұзуы) – 3 617 жағдай;
- 440-бап (қоғамдық орындарда алкоголь ішу немесе мас күйінде болу) – 308;
- 505-бап (көріктендіру ережелерін бұзу) – 415;
- 204-бап (белгіленбеген жерде сауда жасау) – 24 жағдай.

АЭА: ҮМІТ ПЕН ШЫНДЫҚ



2024 жылы өңдеу өнеркәсібі өндірісінің өсімі 10 пайыздан асып, 2,5 трлн теңгеге жетті. Биыл өңдеу өнеркәсібінде жаңа өндірістерді іске қосу есебінен көлемді 7 пайызға арттыру жоспарлануда. Бұл өсім 2,6 трлн теңгеге дейін жетеді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында өңірлерге инвестиция тартуда маңызды рөл атқаруы тиіс арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) жұмысы күткендей нәтиже бермей отырғанын ашық айтты әрі бұл бағытта жан-жақты талдау жүргізіп, түбегейлі шаралар қабылдауды тапсырды. Индустриялық аймақтар – ел экономикасының ұзақмерзімді даму стратегиясындағы негізгі тірегінің бірі. Себебі АЭА – елдің индустриялық-инновациялық болашағын айқындайтын басты тетік, жаңа өндіріс пен технологиялық серпінге жол ашатын құрал.

АЭА – ТАРИХ ПЕН ТӘЖІРИБЕ

Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) ұғымы бүгін немесе кеше пайда болған жоқ. Түп тамыры ғасырлар қойнауынан бастау алады. Нақтысын айтсақ, XVII-XIX ғасырда Еуропадағы ірі сауда порттары – Венеция, Триест, Копенгаген, Гамбург және Гибралтар «еркін аймақ» мәртебесін алды. Бұл аймақта шетелдік саудагерлерге кедендік және салықтық жеңілдік беріліп, капитал қозғалысын жеңілдетудің алғашқы үлгісі қалыптасты. XX ғасырда бұл тәжірибе жаңа деңгейге көтеріліп, Гонконг пен Сингапурде еркін сауда және өндіріс аймақтары құрылып, жаһандық сауда логистикасының тірегіне айналды. Сөйтіп, инвестиция тартудың, экспортты дамытудың және заманауи инфрақұрылым қалыптастырудың алаңына айналды. Алайда қазіргі түсініктегі арнайы экономикалық аймақ тұжырымдамасы алғаш рет 1980 жылы Қытайда пайда болды. Бұл әлемдік экономикалық тарихтағы бетбұрыс кезеңге айналды. Қытай басшылығының шешімімен құрылған алғашқы аймақ – Шэньчжэнь АЭА. Бұл шетелдік инвестицияны тарту, экспортқа бағытталған өндірісті дамыту, инновациялық кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ерекше мәртебе алды. Аймақта кедендік және салықтық жеңілдік енгізіліп, бизнес жүргізу процесі барынша жеңілдеді. Нәтижесінде бар-жоғы 5 жыл ішінде Шэньчжэнь қаласында 4 миллионнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, 30 миллиард АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестиция келді. Бір кездері шағын балықшылар елді мекені болған Шэньчжэнь бүгінде әлемдегі ең ірі технология және қаржы орталығының біріне айналды. Бұл тәжірибе Қытай экономикасының ғажайып серпілісін қамтамасыз етті. Кейіннен табысты тәжірибе Азия, Таяу Шығыс және Еуропа елдеріне кеңінен тарады. АЭА құру – елдер үшін тек инвестиция тарту тәсілі емес, ұлттық экономикалық саясаттың маңызды стратегиялық бағыты.

Дүниежүзілік еркін аймақтар ұйымының (World FZO) дерегінше, қазір әлемде 7 мыңға жуық арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді. Олардың ауқымы мен бағыты әртүрлі болғанмен, басты мақсаты ортақ – өндіріс тиімділігін арттыру, инновацияны дамыту және экономиканы әртараптандыру.

UNCTAD халықаралық ұйымының сарапшысы Джеймс Зан:

«Әлем елдеріндегі барлық АЭА барлығы бірдей табысты емес. Шамамен үштен бірі ғана ұлттық экономикаға айтарлықтай үлес қосады. Негізгі фактор – басқарудың тиімділігі, тұрақты заңнамалық орта және инвестор үшін болжамдылық».

Инновациялық орталықтар экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналдыру ісінде Қытай, Сингапур, Оңтүстік Корея, Біріккен Араб Әмірліктері, Қатар және Кувейт алдыңғы қатарда келеді. Польшадағы индустриялық хабтар – Еуропадағы ең тиімді жобаның бірі. 1995 жылдан Польша өндіріс ошақтарына 40 млрд доллардан астам инвестиция тартып, 400 мың жаңа жұмыс орнын ашты. Бұл тәжірибе елдің өнеркәсіп инфрақұрылымын жаңғыртып, еуропалық нарыққа интеграциялануына негіз болды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЭА КАРТАСЫ

1996 жылы Қазақстанда алғашқы АЭА құрылып, елдің индустриялық-инновациялық дамуының жаңа кезеңі басталды. Қазір ел бойынша 15 арнайы аймақ жұмыс істейді. Бұл орталықтар өңірдің әлеуеті мен стратегиялық бағытына сәйкес қалыптасып, даму жолын іздеуде.

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің орынбасары Иран Шархан:

«АЭА – мемлекеттің экономикалық қуатын арттырып, ұлттық өндірістің іргетасын бекітетін шешуші бастама, яғни индустриялық дербестік пен технологиялық тәуелсіздікке қол жеткізудің маңызды баспалдағы. Өйткені бұл аймақтар инвестициялық саясатындағы ең табысты тетіктің бірі саналады».

Вице-министрдің сөзінше, құқықтық және салықтық ерекше жеңілдікті қамтитын экономикалық аймақтарда 532 жоба іске қосылып, 9,9 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Соның нәтижесінде 32 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылып, жалпы 11,9 трлн теңгенің өнімі өндірілді. Оның 916,1 млрд теңгесі экспортқа шығарылып, 656,6 млрд теңге салық бюджетке түсті. Бұл көрсеткіш АЭА-ның ел экономикасына нақты үлес қосып отырғанын айғақтайды.

Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылғы есебінде бірқатар АЭА табысты жұмыс істеп жатқаны көрсетілді. Бұл қатарға «Оңтүстік», «Ақтау теңіз порты», «Инновациялық технология паркі» және «Астана – жаңа қала» өндіріс тиімділігі мен инвестициялық тартымдылығы жағынан ілгері тұр. Алайда кейбір аймақта әлеует толық пайдаланылмаған, бұл өз кезегінде басқару мен ынталандыру тетігін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Индустриялық даму комитеті Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар басқармасының бас сарапшысы Меруерт Бисенованың сөзінше, жеңіл өнеркәсіптің толық циклін қамтитын «Оңтүстік» АЭА – табысты жобаның бірі. Мұндағы «Azala Cotton» ЖШС-тің 7,07 млрд теңгелік жобасы өңірлік экономиканы жандандырып, экспорттық өнім көлемін арттырды. Бұл бастама – ұлттық жеңіл өнеркәсіп брендін қалыптастыру жолындағы нақты қадам.

Павлодар облысында химиялық кластер жүйелі дамуда. Мұнда «Каустик» АҚ-тың 16,6 млрд теңгелік жобасы іске қосылып, өңірде толық өндірістік тізбек қалыптасты. Ал батыс өңірлерде мұнай-химия және мұнай-газ кластерінің ілгерілеуі елдің энергетикалық әлеуетін нығайтып, экспорт бағытын кеңейтіп келеді.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА – транзиттік және геоэкономикалық мәртебесін арттырған стратегиялық жобаның бірі. 36,4 млрд теңгелік құрғақ порт кешені Қазақстанды Еуразия құрлығындағы басты логистикалық хабтың біріне айналдыруға мүмкіндік берді. Бұл елдің көлік және сауда дипломатиясын жаңа деңгейге көтереді.

Қазір жаңа екі аймақ – «Ақтөбе» және «Қорқыт ата» АЭА құрылу үстінде. Бұл бастамалар аймақаралық теңгерімді нығайтуға, ішкі инвестициялық климатты жақсартуға бағытталады.

Қызылорда қаласындағы жаңа халықаралық әуежай терминалына іргелес орналасқан арнайы экономикалық аймақтың жалпы аумағы 550 гектарды құрайды. Бұл орталық 2049 жылға дейін өңірге шамамен 150 млрд теңге инвестиция тартуды, соның ішінде 80 млрд теңгеге жуық шетелдік капиталды игеруді көздейді. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын орналасуы логистикалық және транзиттік әлеуетті арттыруға жол ашады. Сондықтан тиімді ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсе, мақсатты орындауға әбден болады.

АСТАНА КЛАСТЕРІ: ӨНДІРІС ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСЫ

Қазір Астана қаласында 2 АЭА жұмыс істейді. Біріншісі – «Астана – жаңа қала». Екіншісі – «Астана-Технополис». Басқарушы компаниясы – «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы.

Орталыққа қарасты №1 индустриялық парк жергілікті және шетелдік инвесторлар қаржы құйған зауыт пен өндіріс орындары жыл сайын ашылып жатыр. Аталған паркте локомотивтер, электровоздар шығаратын, арнайы киімдер тігетін, оптикалық құрылғылар, жиһаз бен құрылыс материалдары сияқты түрлі отандық өнім шығаратын көптеген кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

Біз аталған парктегі бірнеше ірі өндіріс ошағының жұмыс ауқымын өз көзімізбен көргенбіз. Әсіресе ауыл шаруашылығы бағытына арналған минералды тыңайтқыштар шығаратын кәсіпорын мен еуропалық сапа стандарттарына сай жиһаз өндіретін зауыттың қызметі және тағы басқасы ерекше әсер қалдырған-ды.

«Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы Индустриялық аймақтарды әкімшілендіру департаментінің директоры Алмат Әлімбайдың сөзінше, елордада инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға және жобаларды қолдауға ерекше мән берілуде.

2025 жылдың 7 айы бойынша Астана экономикаға салынған инвестиция көлемі бойынша көш бастады. Нақты өсім 42 пайызды құрап, 1,2 трлн теңгеге жетті. Жеке инвестиция 25,4 пайызға өсіп, 780 млрд теңгені құрады.

2024 жылы өңдеу өнеркәсібі өндірісінің өсімі 10 пайыздан асып, 2,5 трлн теңгеге жетті. Биыл өңдеу өнеркәсібінде жаңа өндірістерді іске қосу есебінен көлемді 7 пайызға арттыру жоспарлануда. Бұл өсім 2,6 трлн теңгеге дейін жетеді.

Астанадағы №1 индустриялық парк та тұрақты өсім көрсетіп, айтарлықтай инвестициялар тартып келеді. Мұнда жалпы құны 336 млрд теңгеден асатын 139 жоба орналасқан. Олардың ішінде 82 кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Ал алдағы екі жыл ішінде тағы 57 өндіріс ашылмақ. 2025 жылы 43 млрд теңгеге 21 кәсіпорынды іске қосу және 1,2 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда. №1 парктің табысты тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін пайдалана отырып, №2 индустриялық парк жобасын іске асыру бойынша жұмыс басталды. Оның аумағында 500 млрд теңгеден астам сомаға 100-ден астам жобаны іске асыру жоспарланды. Бұл 8 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

ТАБЫСТЫ БАСТАМА, ТОҚЫРАҒАН НӘТИЖЕ

Қазір индустриялық аймақтардың дамуы бірқатар жүйелі түйткілмен бетпе-бет келіп отыр. Өнеркәсіп және құрылыс министрінің орынбасары Иран Шарханның айтуынша, ең өзекті мәселе – өндіріс-инновация алаңдарын инфрақұрылыммен толық қамтамасыз ету. АЭА құрылған кезден бері инфрақұрылым нысандарын салуға жалпы 427,5 млрд теңге көлемінде қаржы бағытталған. Әлі осы бағытта жүйелі жұмыстар атқару керек-ақ.

Екінші маңызды мәселе – АЭА-лардың толымдылық деңгейі төмен. Бүгінде олардың орташа көрсеткіші 40 пайыздан аспайды. Тек «Астана – жаңа қала» және «Павлодар» аймағы ғана өз аумағын 90 пайыздан астам толтыра алған.

Үшінші түйткіл – жобалардың басым бөлігінде квазимемлекеттік сектордың үлесі жоғары. Бұл жеке бизнестің белсенділігін тежеп, бәсекелестік ортаны әлсіретеді.

Төртінші мәселе – Жоғары аудиторлық палатаның қорытындысы бойынша кейбір АЭА басқарушы компаниялары бюджет қаражатын тиімсіз немесе мақсатсыз жұмсады. Ал жекелеген индустриялық аймақтарда нақты өндіріс орындары мүлде жоқ.

Бесінші проблема – салықтық жеңілдіктің тұрақсыздығы. Соңғы 5 жылда оларға 4 рет өзгеріс енгізілді. Бұл инвесторлар үшін тәуекел деңгейін арттырады. Осы ретте көрші елдер – Өзбекстан мен Қырғызстан ұзақмерзімді жер пайдалану, еркін валюта режимі және шетелдік жұмыс күшін тартудағы жеңілдік арқылы бізден бәсекелестікте озып тұр.

Дүниежүзілік банк сарапшысы, «Африкадағы арнайы экономикалық аймақтар» еңбегінің авторы Томас Фарол бұл туралы былай дейді:

«Арнайы экономикалық аймақтар тек салықтық жеңілдікпен шектелмеуі тиіс. Олар индустрияландыру, технология трансфері және жаңа өндірістік тізбектер қалыптастыруға бағытталған кешенді стратегияның құрамдас бөлігі болғанда ғана табысты болады».

Шын мәнінде, Қазақстан АЭА-ларын тиімді индустриялық хабқа айналдыру үшін стратегиялық инвесторларды тартуға бағытталған нақты индустриялық саясат қажет. Яғни заңнамалық тұрақтылық пен болжамдылық қамтамасыз етілуі тиіс. Сондай-ақ басымдық шағын және орта бизнеске берілуі керек. Ал аймақтардағы инфрақұрылым толықтай аяқталмайынша, жаңа индустриялық жобаларды іске қосу қиын болады. Әсіресе тұрақты электр энергиясы мәселесін шешу өзекті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы – жай ескерту емес, АЭА жүйесін түбегейлі қайта қарауға бағытталған саяси ерік-жігердің көрінісі. Егер бұл бағытта нақты өзгерістер жүзеге аспаса, Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтар қағаз жүзіндегі жоба күйінде қала береді. Ал тиімді шешім қабылданса, АЭА жаңа индустриялық серпіннің қозғаушы күшіне айналуы әбден мүмкін.

Экономист, қаржы сарапшысы Мақсат Халықтың пікірінше, АЭА-ның тиімділігін бағалауда тек жалпы инвестиция көлемін емес, шетелдік тікелей инвестицияның үлесін ескеру қажет. Өкінішке қарай, қазір көптеген аймақты квазимемлекеттік компаниялар қаржыландырады. Бұл өз кезегінде шынайы инвесторлар үшін тартымсыздық туғызады.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

2025 ЖЫЛДЫҢ 7 АЙЫ БОЙЫНША АСТАНА ЭКОНОМИКАҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ БОЙЫНША КӨШ БАСТАДЫ. НАҚТЫ ӨСІМ 42 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАП, 1,2 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ. ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯ 25,4 ПАЙЫЗҒА ӨСІП, 780 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ


P.S: ***АЭА – елдің индустриялық болашағын айқындайтын алаң. Алайда олардың әлеуеті толық ашылған жоқ. Ендігі мақсат – жоспар мен шынайы нәтижені үйлестіру. Президент айтқандай, инновациялық аймақтарды нақты өндіріс пен инновация тоғысқан кеңістікке айналдыра алса, Қазақстан экономикасы жаңа белеске көтеріледі.***

№145 (4889) 09/12/2025 Сейсенбі

АБАЙДЫҢ АУДАРМА ӘЛЕМІ АЙШЫҚТАЛДЫ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ





Астанадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахмановтың «Алып Абай. Конгениальность. Congeniality» кітабының таныстырылымы өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, сондай-ақ қаламгерлер, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысқан іс-шараның тізгінін ақын, филология ғылымдарының докторы, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай ұстады.

«Биылғы Абай жылы аяқталып келеді. Тұсауы кесіліп отырған іргелі еңбек сол айтулы жылдың сүбелі олжасы, Абай тойының жарасымды қорытындысы деп білеміз. «Алып Абай» – абайтанудағы олқы тұрған бір тұсты толтырған еңбек» деп бағалаған ол қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген «Алып Абай» кітабы тұтастай Абай аудармашылығына арналған тұңғыш кітап екенін айрықша атап өтті.

– Мұхтар Әуезовтен бастап талай ғалымдар Абайды зерттеді, сүбелі еңбектер де жарық көрді. Тарихи тұлғаларымыздың арасында біршама кемелді зерттелгені де осы Абай атамыз. Ал Абайдың аудармашылығына қатысты 1954 жылы Зәки Ахметовтің «Лермонтов и Абай» атты зерттеуі ғана шыққан. Бірақ Абайдың аудармашылық қыры тұтастай зерттеліп, жеке кітап болып шығуы 71 жылдан кейін жүзеге асып отыр, – деді ол.

Кітап авторы Сауытбек Абдрахманов қазақ халқының Абайға деген сүйіспеншілігі оның атын ерекше құрметпен айтуынан да көрінетінін атап өтті.

– Абай туралы толғанғанда мына бір жай таңғалдырмай қоймайды. Біз «Абай атамыз» деп сөйлейміз. «Абай атамыз айтқандай» деп әңгіме бастаймыз. Сөз мәніне терең үңіліп қарасақ, бұл – бір ғажап құбылыс. Бүкіл халықтың ақынды немесе жазушыны «ата» деп атауы, жанына соншалықты жақын тұтуы қазақтан басқа халықта кездесе қоймаса керек, – деді ол.

Сондай-ақ зерттеуші жаңа кітапты жазуға не түрткі болғанын да түсіндірді:

«Кандидаттық диссертация Пушкиннің аудармалары туралы болды, онда Абай туралы негізінен қозғалады. Одан кейін докторлық диссертацияда аудармалар кеңейтілді, онда да Абай аудармалары, басқа аудармалар туралы айтылады. Бірақ бәрібір жеке кітап күйінде жасауға осыдан 5 жыл бұрынғы Қарағандыдағы конференцияда айтқан сөзім және конференциядан кейін 2-3 адамның маған айтқан әңгімесі қозғау болды. Онда мен «егер Абай бірде-бір жол өлең жазбаса; егер Абай қара сөздер жазбаса; егер Абай тек қана аудармамен шұғылданса, біз бүгін ұлы аудармашы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын атап өтіп жатар едік» дедім. Шынында, Абай тек қана аудармашы болса да, ұлы тұлға болып қалар еді. Біздің кітаптың мақсаты осы – ойды дәлелдеу, осы ойды нақты лингвистикалық талдау арқылы жеріне жеткізіп айтуға тырысу» деді автор.

– Зерттеуде біз Абайды жай ғана «Евгений Онегинді аударушы» деп қарамай, қазақша «Евгений Онегин» жасаған тұлға ретінде қарастырдық. Абай сол заман оқырманының талғамын дәл танып, қазақ даласында хат түріндегі шығармаларға қызығушылық жоғары екенін біліп, көлемі 362 жолдан тұратын шағын эпистолярлық роман құрастырды. Әуезов атап өткен бұл эпистолярлық жанр Абай дәуірінде өлең түрінде емес, тұтас әңгіме ретінде қабылданған: әңгімешілер Татьяна мен Онегиннің хаттарын, Ленскийдің дуэльдегі сөзін, оқиғаның өрбуін тізбектеп жеткізіп отырған. Абай осы сюжетті қазақ ұғымына лайықтап, ұлттық менталитетке жақын формаға түсірді; әйтпесе 8 тарауды толық аудару немесе түпнұсқа ұйқасын сол күйінде сақтау ол кездегі қазақ оқырманына сіңбеуі мүмкін еді. Абайдың тапқан шешімі – дәл осы шығарманы қазақы табиғатқа сай жаңаша қалыпта бейімдеу, – деді автор.

– Енді Абайдың ғажайып зеректігіне жастардың назарын аудартатын бір дерекке тоқталайын: Абай Буниннің өлеңін аударған кезде, Бунин кітап шығарып үлгермеген еді. Қайым Мұхамедханов алғашында бұған таңғалады, кейін дәлелдейді: өлең 18 жасар Буниннің «Неделя» деген әдеби апталыққа басылған шығармасы екен. Яғни Абай Семей кітапханасына барғанда тек кітаптарды ғана емес, әдеби журналдарды да ақтарып, соның ішінен Буниннің өлеңін ұнатып, соны аударып жүр. Бұған не айтуға болады? Ол кезде әлі кітап шығармаған, жаңа қалыптасып келе жатқан жас Буниннің кім боларын Абай сол сәттен-ақ таныған. Ең ғажабы, Абай кейін әйгілі ақынға айналатын Буниннің өлеңін аударып қана қоймай, оның болашақ болмысын да дәл сезгендей әсер қалдырады. Абай сол жолдарды қазақша сөйлеткенде, Буниннің жат елге кетіп, сол жақта қалатынын, Нобель сыйлығын алса да, өмірінің соңында отанын аңсап өлетінін жазады. Мұндай сәйкестік тек данышпанның болмысына ғана тән құбылыс екені айқын, – деді С.Абдрахманов.

Осыдан кейін кітап жайлы жазушы, ғалымдар өз ойларын ортаға салды. Ақын, филология ғылымдарының докторы Жанат Әскербекқызы кітаптың негізгі ерекшеліктеріне тоқталып, мазмұн тұрғысынан талдау жасады.

– Кітап «Төлтума және телтума», «Жыр жарысы», «Сарындастық салтанаты», «Мысал мектебі», «Асыл айшықтар», «Тәржіме тағылымы» деген тарауларға жіктеліп, әр тарауда тақырыбына сәйкес талдаулар топтастырылған. Алғашқы тарауда поэзия аудармасының қиындығы мен қызығы бұрынғы-кейінгі мысалдар арқылы дәйектеліп, автордың өзіндік көзқарас-пайымы ұсынылса, «Жыр жарысы» тарауы Пушкин туындылары мен Абай аудармасы арасындағы мінсіз үйлесімі, суреткерлік қырағылық пен ұсталықты танытуға бағытталған. «Евгений Онегин» романының аудармасына зерттеу призмасынан жіті үңіліп, Абай қолтаңбасын айшықтай көрсетеді. Зерттеушілік көзқарас салқын пайыммен ғана тұйықталып қалмайды. Автор қаламгер ретінде өзі сезіп, түйсінген көркемдік тетіктерді дөп басып, теориялық пайымды танымдық өріске шығарады. Абайдың аударма өлеңдеріне қатысты жанрлық тұрғыда сөз қозғап, аударма, назирашылдық дәстүр туралы да пайымдарын қисынды түрде келтіреді. Қазақ поэзиясының бейнелеу мүмкіндігін ұлы ақынның осы аударма өлеңдердегі тың тіркестерімен таныту да зерттеудің мәнді жағы. «Сарындастық салтанаты» атты тарау Абай мен Лермонтовтың шығармашылық үндестігін хронологиялық пайымдауға арналған. Аударма өнерінің қыр-сыры, суреткердің қабілет-қарымы, әр тілдегі туындының ортақ сарыны мен үйлесімі, ұқсастығы мен айырмашылығы еңбекте ғылыми, танымдық мазмұнда барынша көрсетіліп, зерделенген, – деді ол.

Жалпы алғанда, «Алып Абай» кітабының таныстырылымы ұлы ақын мұрасының әлі де терең зерттеуді қажет ететін тұстары көп екенін айқын көрсетті. Абайдың аудармашылық шеберлігін жаңа қырынан танытып, ұлт руханиятына қосылған тағы бір салмақты еңбек екеніне ғалымдар мен қаламгерлер бірауыздан тоқталды. Тұсаукесер барысында айтылған тың деректер мен ғылыми пайымдар Абайдың әлем әдебиетімен терезесі тең түсетін деңгейін дәлелдей түсті. «Алып Абай» – тек аударма мәселесін ғана емес, қазақ сөз өнерінің қуатын, ұлттық танымның кең тынысын паш ететін, абайтануға жаңа серпін беретін маңызды туынды ретінде бағаланды.

ЖҮНІСБАЙҰЛЫ ЖАРЫҒЫ



Өзіміз ерекше қадірлейтін белгілі публицист, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазіргі қазақ спорт журналистикасының сардары Несіп Жүнісбайұлы жетпіс жастың бел ортасына келіп отыр.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Спорт журналисі болуды ойламаған, бала кезінен өнерге құштар болған жер жәннаты – Жетісу өңірінің перзенті орта мектепті бітірген соң арман қуып Алматыға келіп, консерваторияға барып, бағын сынап көрді. Атақты актриса Хадиша Бөкееваға емтихан тапсырып, бірнешеуінен сәтті өтті. Бірақ біреуіне кешігіп келіп, қатал ұстаздың кәріне ұшырады. Содан өнерге есігі жабылып, ауылға оралды. Екі жыл Отан алдындағы борышын өтеген соң, Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне құжат тапсырды. Бірінші курстан «Лениншіл жас» газетіне мақала жазып тұрды. Бесінші курста осы басылымға қызметке қабылданды. Ал оқуын қызыл дипломмен бітірді. Журналистикадағы ұстазы, жоғарыда аталған газеттің сол кездегі бас редакторы Сейдахмет Бердіқұловтың ұйғарымымен жұмысқа қабылданғанына екі үш ай өткеннен кейін спорт бөліміне ауысты. Жалпы өзі мерейлі 75 жасқа толып жатса, биыл журналистикадағы еңбегіне жарты ғасыр толып отыр.

Несіп Жүнісбайұлы – бірқатар әлемдік додалардан хабар таратқан журналист. Атап айтқанда, 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасынан, 1982 жылы Испанияда футболдан өткен әлем чемпионатынан, басқа да шетелдегі біріншіліктерден жаңалықтар жазып, еліміздің оқырмандарына хабар таратып отырды. Жалпы 10 Олимпиада мен футболдан 5 әлем чемпионатының куәгері. Осы тақырыпқа бірнеше кітап жазды. Атап айтқанда, «Үшінші раунд», «Ауылдан шыққан алыптар», «Футболмен тыныстаған Испания», «Мексикадағы футбол тойы», «Мұстафа Өзтүрк», т. б. кітаптары шықты.

Тәуелсіздігіміздің таңы атқанда оны республикадағы жалғыз спорт басылымына бас редакторлық қызметке шақырды. 2014 жылы зейнетке шыққанша сол газетте қызмет етті.

Өзімнің Несіп ағаға шәкірт бола жаздағаным бар. Астанаға көшіп келген жылы жұмыс іздедім. «Спорт» газетіне орыс тілінде жазатын журналист керек» деген хабарландыруды оқып қалып, тәуекел деп хабарластым. Несіп ағаның орынбасарларының бірі болуы керек (қазір атын ұмыттым) бір-екі мақала жаз деген тапсырма берді. «Феномен Серика Сапиева» және Қарағанды облысының Шахтинск қаласынан шыққан Олимпиада чемпионы Виктор Мазиннің жаттықтырушысы Николай Снегуров туралы мақалаларды жазып, газет поштасына жібердім. Жарық көрген соң редакцияға барып, Несіп ағамен сөйлестім. «Жазғандарың жаңалық емес, әлі де жаза түс» деді. Содан кейін арыным басылып, спорт тақырыбына жазғым келмей кетті. Артынша «Астана ақшамы» газетіне жұмысқа тұрдым. Бірақ Несіп ағаға өкпе жоқ. Егер сол уақытта мені «Спорт» газетіне қабылдаса, осы күні өз ана тілімде жаза алмай қалып, орыс тілді журналистиканың сарбазы болып жүрер ме едім...

Несіп аға ұстазы Сейдахмет Бердіқұловтан эстафетаны алып, осы күндерге лайықты жалғады. Спорт журналистикасындағы ізі сайрап жатыр. Бірақ қазір спорт журналистикасына сіңірген ұшан-теңіз еңбегіне ғана көбірек көңіл бөлініп, жазушылығы жайлы көп айтылмайды. Маған кезінде «Әкемнің қамшысы» повесі (осы аттас кітабы да бар) керемет ұнады. Онда қаламгер дала мен қаланың тартысын тамаша бейнелеген. Қалада тұратын қазақ отбасыларының бір баламен шектелуін, сол жалғызын шектен тыс еркелетуін, содан туатын қасіретті қанын сорғалатып тұрып көрсеткен. Оқымаған болсаңыздар, оқыңыздар деп кеңес беремін. Ал оның «Рингтегі тағдыр» повесі «Жалын» баспасының жабық әдеби байқауында екінші жүлдені алды.

Мақалаларына келсек, өмірден ерте озған көрнекті ақын Төлеген Айбергеновтің бір өлең жолын арқау етіп жазылған «Бәйге берем жығылған палуанға да...» атты мақаласы өшпестей болып санамызға жазылып қалды. Бұл мақаланың айтар бір ойы – адалдық. Сол сияқты Несіп Жүнісбайұлы – адалдықты серік еткен жан. Несіп аға «Лениншіл жаста» жүргенде өнер тақырыбынан да алыстаған жоқ. Жазған мақалаларының бірі суретші Қылышбек Сәбдікеев туралы болды. Қылқалам шебері өмірден ерте озып кетті. Несіп ағадан кейін бұл кісі туралы мүлде ешкім жазбаған сияқты. Мұны маған өнер иесінің мұрасына ие болып отырған апа-жездесі айтқан еді. Байқауымша, бұл кісілер Несіп ағаға қатты риза.

Ерекше атап өтерлігі, Несіп Жүнісбайұлы не туралы жазса да, ұлттық мүдде тұрғысынан қарайды. Жүнісбайұлы – жүрегі, жаны қазақ деп соғып тұрған жан. Кезінде қазақ балаларынан ғана жасақталған «Намыс» футбол клубын құрды. Еліміздегі тоғызқұмалақ федерациясының тұңғыш президенті.

Негізінен, мектептен кейін Дене тәрбиесі институтына құжат тапсырды. Бірақ бір мұғалімнің кеңесінен кейін құжаттарын қайтып алды. Әбден пісіп, толып, жетілген соң Қазақ дене шынықтыру институтын сырттай бітіріп, бапкер-ұстаз мамандығын алды.

Арман қуып Алматыға келгенде бір қолына домбыра, екінші қолына доп ұстап келген еді. Өзі өнердің жолына түбегейлі түспесе де, тамаша өнерпаздар, тұғырлы тұлғалар туралы қалам тербеді. Соның ішінде Ақселеу Сейдімбек, Рамазан Стамғазиев, Дәуренбек Әркенов, т. б. өнер майталмандары жайлы жазды. Атақты палуан Әбілсейіт Айханов жайында «Жердің жарығы» атты романның бірінші кітабын шығарды.

Жетпіс жасқа келгенде берген бір сұхбатында «Шығармашылықта өкінішім жоқ. Жиырмадан аса кітабым жарық көрді. Елге, қазаққа керек-ау деген тақырыптарды толғап жаза алдым. Жақсы әлде жаманын оқырман өзі шешеді. Талай дос таптым, талай елді араладым, талай кітап оқыдым. Ата-анамыздың оқысам деген арманын жалғадық... Иә, алаңдау бар, заманды аждаһадай жалмап келе жатқан мына жаһандану деген дүние бір уыс қазақ жазушыларының шығармашылығын, ұлттың жеткен биігін күндердің-күнінде жоқ қылмаса екен деп алаңдаймын» деген еді. Осы жаста қуанышыңыз көп, алаңыңыз жоқ болсын деген тілек айтамыз!

№145 (4889) 09/12/2025 Сейсенбі

Қазір баланың ішкі дүниесіне үңілсең, алдыңнан тұман шығады. Тұманы қою, қойыртпақ, жол көрсетпейді. Қайда барарын білмей адасқан жас жүректер көп. Сырт көзге тып-тыныш, ұстамды көрінгенмен, жан дүниесі шаншулы. Жағдайдың ең жаманы, бұл балалардың көмек сұрауға да қауқары жоқ. Жүгінетін жерін білмейді. Білгісі келмейді. Өйткені қоғам оған «өзің шығуың керек» деген қатыгез талап қойған.



БУЛЛИНГКЕ БЕЙІМ СТУДЕНТТЕР

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Жастар арасындағы мазақ, қорлау, «әзіл» деп бүркенген әжуа қазіргі күні жай ғана жағымсыз құбылыс емес. Бұл – күнделікті өмірдің қатпарында қатайған тас. Бәріміз соған сүрініп жүрміз, бірақ алып тастауға ешкімнің батылы жетпейді. Қарап тұрсақ, айналаны мәдени орта емес, мәдениеттен жұрдай даңғаза мінездер басып барады. Әдеп, ұят, ізет – бірінің артынан бірі құлаған домино тастары сияқты. Ел болып айқайлап жүргенде, отбасында өсіп жатқан өртті байқамай қалдық.

«Жетімді жылатпаған халық» едік, қазір тірі жетімді тірідей жылатып отырмыз. Ұлттық болмысымызда мысқыл бар еді. Бірақ ол әдеппен қолданылатын, орнымен айтылатын шымшыма сөз болатын. Адамды жылатып емес, ойландыратын. Ал бүгінгі «әзіл» деген нәрсе – қорлау, мазақ. Біреуді жығып алып, топ болып қарқылдағанға мәз жастар көбейді. Өзіміз болашағынан үміт күтіп өсірген бала – өзіміз түсінбей, дауасын таба алмай жүрген дерт.

Буллингпен әуестенетін студенттердің басым бөлігі – мектеп кезінен-ақ біреуді кемсітіп қуануды өнерге айналдырғандар. Тәрбиесі тұнық отбасынан шықпаған, тілімен түйреп үйренген, өзін өзгеден биік қойып өскен балалар университетке келіп сол мінезін жалғастырады. Адамды мазақтауды «ерлік» санайтын, «әзіл ғой» деп ақталатын, тобыр болып тұрып жалғызды жаныштайтын жастар, өздері байқамай, нағыз психологиялық зорлық жасап жүр.

– Студенттер арасындағы буллингтің негізгі себептері, әдетте, әлеуметтік айырмашылықтар, билік пен мәртебе теңсіздігі, бәсекелестік, жеке тұлғаның агрессиялық бейімділігі мен топтық қысым болуы мүмкін. Буллинг жәбірленушілері депрессия, мазасыздық, өз-өзіне деген сенімсіздік, оқу үлгерімінің төмендеуі сияқты психологиялық қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сонымен қатар агрессорлар да билікті күш ретінде қолдануды үйреніп, психикалық қиындықтарға, әлеуметтік дағдылардың төмендеуіне және болашақта тұрақсыздық пен қақтығыстарға бейім болады. Сондықтан буллинг – тек жеке мәселе емес, университет қауымдастығының қауіпсіздігі мен студенттердің дамуына тікелей әсер ететін күрделі құбылыс. Буллингті «жастардың әдеті» немесе «жай ғана қалжың» деп қабылдау – аса қауіпті көзқарас. Бұл – нақты психологиялық мәселе және оған қарсы тұру – барлығының ортақ міндеті, – дейді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Психологиялық қолдау орталығының бас маман-психологы Әйгерім Ерланқызы.

Бір сәт ойланып көрейік. Бір студентті топ болып мазақ етеді. Бір күн. Екі күн. Апта. Ай. Содан соң не болады? Қабырғаға қысылып, өз бөлмесіне қамалып, ішіндегісін айта алмай, көпқабатты үйдің шатырына шығып, өз-өзіне қол жұмсаумен бәрін шешкісі келіп тұратын жастар көбейді. Бұрын ондайды естісек селк ететінбіз. Қазір «обал болды» деуден әрі аспаймыз. Тез ұмытамыз. Ал сол баланың жан дүниесі ше? Кім ойланып көрді? Жастардың ұсақталып бара жатқаны соншалық, болмашы күлкі үшін басқа жанның өмірін ойыншық қылады. Сезім атаулының қадірі қалмады.

Қазір бұзақылық тек мектеп дәлізінде емес, телефонның ішінде жүреді. Біреудің сүрініп құлаған сәтін түсіріп алады да, әлеуметтік желіге салуға асығады. Кімнен рұқсат алды? Қай заңды оқыды? Бұл әрекет – абыройға, жеке өмірге тікелей қол сұғу. Қылмыс екенін білсе де тоқтамайды. Өйткені қоғам көріп тұрған нәрсесін ғана қылмыс деп санайды, ал адамның ішіндегі жараны ешкім көрмейді.

Залымды өмір өсірмейді. Залымды қоғам жасайды. Біреудің қыспағында жүріп, өзінен әлсізге өктемдік көрсетіп өскен бала ертең үлкен ортада да сол «ойынын» жалғастырады. Кісі өлтіру, зорлық-зомбылық, топтық қақтығыс – бәрі сол жабылмаған жараның жалғасы. Жас күнінде жаншылған бала ертең жаншуды қалыпты жайт деп қабылдайды.

Оқушылар мектеп психологына барудан ұялады. Студенттер ЖОО-дағы психологтарға сенбейді. Қоғамда психологқа бару әлсіздік саналатын түсінік әлі бар. Осыдан кейін жасанды «комфорт зонасында» отырып, өзін-өзі жегідей жейді. Адам азғындауының басталуы да осы жерден. Жаны ауырған адам көмекті бірінші кезекте өзі сұрамайды. Сол үшін қоғам болып байқап, қоғам болып тартуымыз керек.

Жыл сайын күшейіп келе жатқан бұл дерт отбасындағы ашық әңгіменің жоғынан, баланың ішкі жан дүниесіне үңілмеуден, «бәрі жақсы» деп көз жұма салудан шыққан. Өмірге ғашық, арманы көп жастың тағдыры біреудің «әзілінен» үзіліп қалмас үшін қоғам өзінен бастау алуы керек. Қорлау емес, қолдау. Мазақ емес, мәдениет. Тобыр емес, тұлға қалыптастыру. Бүгін тоқтамасақ, ертең тым кеш болуы мүмкін. Буллинг – біз елемеген қасірет. Елемеген қасірет ертең бізді елеп-ескермейді.

ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ ЖАЛҚАУЛЫҚҚА БАСТАЙДЫ

Бүгінгі таңда 86 жастан ассам да, денсаулығымды бірқалыпты ұстау үшін күнде таңғы астан кейін екі-үш сағат жаяу жүріп келемін. Серуендеп жүріп, айналада болып жататын нәрселерге зейін қоямын. Сондағы бір байқайтыным, шамасы 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер көшеде жайбарақат жүреді. Көпшілігінің қолында бір-бір стакан, ішінде құны кемі бір мың теңгеден асатын сусын-сұйықтық бар екенін сезем.

Меніңше, бұл сұйықтықтың тамақ болмайтыны секілді еш пайдасы жоқ. Ал осыған әлгі жасөспірімдер қаржыны қайдан алады деген ой да келеді. Әрине, ата-анасынан екені сөзсіз. Ал ата-аналар болса бұған мән бермейтін сияқты. Дегенмен кім болса да тиыннан теңге жиналатынын ескергені дұрыс болар еді деп ойлаймын. Жалпы кейбір ата-аналар баланың күнде немен айналысатынына мән бермейді. Жапондар «баланды 5 жастан бастап құлша ұста» демей ме?! Бұл еңбекке тәрбиеле деген мағынада айтылған сөз ғой. Жас бала ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп үйреніп алса, жаман болады. Ұл балалар мейрамхана сияқты мекемелерге орналасуға тырысады. Жылы жер, табысы жақсы, артық күш жұмсап қажет емес. 2025 жылды Президентіміз «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Статистика бойынша жұмысшы мамандықтарының жетіспейтіні айтылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің соңғы тамыз конференциясында баланы мектеп-ата-ана-қоғам тәрбиелеу қажеттігін баса айтты. Меніңше, осы қағида кейбір балалар мекемелерінде толық орындалмай жатыр. Бір төтенше жағдай болған жағдайда ғана еске аламыз. Мектептегі бір-екі психолог барлық баланы қамтып үлгере алмайды. Әр ұстаз психология курсынан өтіп, өз пәнінен бөлек, қосымша психологиялық қызмет атқаруы, қажет болса, сол еңбегіне қосымша ақы төлеп отырған жөн болар еді.

Қазір халықтың тұрмысы жақсарып келеді. Тіпті кейбір ата-аналар балаларына қымбат көлік мінгізіп қояды. Баласы сондай машина мінсе, өздерінде одан жақсы көлік бар ғой деген пікір туындайды.

Біраз уақыттан бері «Таза Қазақстан» акциясы аясында көп жерде ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдары да бұл бағытта белгілі бір жұмыстар жүргізуде. Бірақ барлық тұрғындар, мекемелер осы іске жауапты қарап жатыр деп айта алмаймын. Өзім жаз бойы орталық саябақтың бір бұрышын қиып өтемін. Сол жерге жазда сыпырғыштың ұшы да тиген жоқ, ағаш бұтақтары, т. б. заттар шашылып жатты. Онда таза ауада демалушылар көп, көбі жастар. Бірде теледидардағы жүгіртпе жолда мынадай мәтін шықты: сауалнама кезінде жасөспірімдердің 80 пайыздан астамы өз өміріне қанағаттанарлық білдіріпті. Иә, көбіне ата-аналар баласын дұрыс тамақтандырып, жақсы киіндіріп, онымен қоса жайлы орында оқытып жатады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, бала білімді, бай, күшті болуы керек қой. Ол тек қана қажырлы еңбектің арқасында ғана келеді. Әр жас осыны ұғынса жөн болар еді.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
зейнеткер

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 29 желтоқсан сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласы, Космонавтов және Наркескен көшелерінің қиылысында орналасқан, қабаттылығы отыз қабатқа дейін ұлғайту бойынша «Қонақ үй кешені» нысанының егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарын әзірлеу бойынша. Тапсырыс беруші – Ахметова А.Б.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

АИТВ және ЖАСТАР

АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупі жоғары топтарға әлі де жастар кіреді. Сондықтан өскелең ұрпақпен жүргізілетін рухани-адамгершілік тәрбие мен ақпараттық-ағарту жұмысына көбірек көңіл бөлу өте маңызды.

АИТВ-ның таралуы бірқатар факторға байланысты. Олардың бірі – қауіпті жыныстық мінез-құлық: жыныстық өмірдің ерте басталуы, жыныстық қатынастың бұзылуы, жеке қорғаныс құралдарын елемеу. Тағы бір маңызды фактор – алкоголь мен есірткіні пайдалану.

Дәл осы жасөспірім кезеңінде олардың денсаулығын сақтайтын және АИТВ мен ЖЖБИ-ды жұқтыру қаупін едәуір төмендететін тұрақты мінез-құлық үлгілерін жасауға көмектесу қажет. Өкінішке қарай, бұл мәселелерде жастарға шынымен көмектесетіндер аз. Қоғам мектепте есірткі заттарының зияны, жыныстық қатынас, жыныстық және репродуктивті денсаулықты сақтау туралы әңгімелер тек «балаларды азғындатуы» мүмкін деп санайды. Үйде ата-аналар ұялшақ және ересек балаларымен осындай тақырыптарда қалай сөйлесуді білмейді. Жасөспірімдер мұндай сұрақтармен емханаға дәрігерге баруы екіталай. Тіпті жыныстық инфекцияның белгілері болса да, олардың көпшілігі маманға барудан ұялады. Кейде олар сенетін және кімнің кеңесіне құлақ асатын жалғыз адамдар – олардың құрдастары. Сондықтан жасөспірімдер арасында АИТВ инфекциясы, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, нашақорлық сияқты аурулардың алдын алу бағдарламаларына дайындалған және қатысатын еріктілердің мүмкіндігінше көп болуы өте маңызды. Олар АИТВ-дан қорғау үшін қажетті ақпаратты ала ма? Ұлдар мен қыздарға қажетті мінез-құлық дағдылары мен құндылық көзқарастарын қалыптастыруға көмектесу үшін не істеу керек? Медициналық және әлеуметтік-психологиялық қызметтер жастарға қаншалықты қолжетімді?

Егер біз балаларымыздың денсаулығы мен болашағына қатты алаңдайтын болсақ, онда біз:

– АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупі туралы ашық айтуымыз;

– жастарды АИТВ инфекциясының берілу жолдары мен қорғау тәсілдері туралы хабардар етуіміз;

– жасөспірімдерге қауіпсіз, оның ішінде жыныстық, мінез-құлық дағдыларын дамытуға көмектесу, оларды өз денсаулығын сақтауға ынталандыруымыз;

– инфекция қаупі тұрғысынан қауіпсіз мінез-құлық элементтерін бекіту үшін қолайлы орта құру, жастардың қоршаған ортасы – мектеп, үй, ата-ана, құрдастар, мұғалімдер қауіпті мінез-құлықтың өзгеруіне оң әсер етуіміз;

– жастарды профилактикалық жұмысқа тарту, еріктілерді «тең оқыту» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тартуымыз;

– АИТВ-ға ерікті және анонимді тестілеудің, тестілік консультацияға дейін және кейін қолжетімділігін қамтамасыз етуіміз керек.

Әсіресе уақытының көп бөлігін көшеде және есірткі заттарын сынап көретін күмәнді компанияларда өткізетін осал жасөспірімдер арасында белсенді жұмыс істеу. Ол жұмыс өте қиын. Бірақ дәл оларға АИТВ және ЖЖБИ жұқтыру қаупі жоғары және олар жасөспірімдердің қалған бөлігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Осы мақсатта Астана қаласында БМСК жанындағы жастар денсаулық орталықтары жұмыс істейді, олар консультативтік, психологиялық көмек көрсетеді, онда сенім телефондары мен ақпараттық-білім беру әдебиеттері бар. Орталықтардың мамандары жастар үшін оқыту семинарларын ұйымдастырады, салауатты өмір салтын, спортпен шұғылдануды және жаман әдеттерге қарсы тұру қабілетін насихаттайтын акциялар өткізеді.

АИТВ орталығының жанындағы достық кабинеті жастарға консультациялық, психологиялық және медициналық көмек көрсетеді, онда гинеколог пен дерматовенерологтың кеңесін алып, тексеруден өтуге болады. Кез келген адам АИТВ инфекциясы мен жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға тестілеуден өте алады.

Ата-аналардың, мұғалімдердің, медицина жұмыскерлерінің, қоғам қайраткерлерінің және жастар көшбасшыларының күш-жігерін біріктіре отырып, балаларымыздың денсаулығын сақтауға көмектесу үшін ерік-жігер мен табандылық танытыңыз. Балалардың өмірде жасайтын таңдауы біз оларға бағаланатын сезімді бере алатынымызға, өмірдің оң мақсаттарын, рухани және адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруға көмектесе алатынымызға байланысты.

І.Есенберлин көшесі, 5/1 мекенжайы бойынша орналасқан «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК келіп, АИТВ-ға тестілеуден өтіп, мамандардан консультация ала аласыз.

Қосымша ақпаратты немесе өз сұрақтарыңызға жауапты 38-04-64, 38-07-02 нөмірлері бойынша, сондай-ақ Астана қаласы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының www.kazaids.kz ресми сайтынан алуға болады.

О.КОРЧЕВА,
Астана қаласы
АИТВ инфекциясының
алдын алу орталығының
эпидемиолог көмекшісі

№145 (4889) 09/12/2025 Сейсенбі

«ДАРИҒА-ДӘУРЕН» ЖӘНЕ АҚЫН ДАУЫСЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының туғанына 75 жыл толуына арналған «Дариға-дәурен» атты еске алу кеші өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Несіпбек Айтұлы – ел әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік орны бар, өскелең ұрпақты елдік пен адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше рөл атқарған дара тұлға. Кештің негізгі мақсаты ақынның рухани мұрасын дәріптеу және қазақ әдебиетінің құндылықтарын көпшілікке жеткізу болды.

Ақынның «Балалық» атты өлеңі 15 жасында Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде басылып, жиырмадан жаңа асқан шағында топтамасы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевты жалт қаратып, оның алғысөзімен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде жарық көрді. Қазақ поэзиясында ешкім қайталай алмайтын өзіндік өрнек салған ақын балалар әдебиетінің дамуына да үлкен үлес қосып, 10 жыл «Балдырған» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі болды. Аударма өнерімен де айналысып, бірқатар шетел ақындарын қазақша сөйлетті. Соның ішінде шығыс шайыры Әлішер Науаидің әйгілі «Хамсасының» «Ескендір қорғаны», «Ләйлі-Мәжнүн» бөлімдерін тәржімалады. Бұл – Несіпбек Айтұлының ғана емес, қазақ поэзиясының табысы.

Әсіресе елорда руханиятының өрлеуіне қосқан үлесі мол. Бірталай жыл Жазушылар одағының Астана қалалық филиалын басқарып, Сәкен Сейфуллин музейінің директоры болды. Көптеген жас ақындардың бағын жандырған Астана күніне арналған мүшәйраның авторы да Несіпбек Айтұлы екенін айта кету керек.

Ақынды еске алу кешінде оның өлеңдері оқылып, сөздеріне жазылған әндер әуеледі. Мұнда поэзия, музыка, күй және театр өнері бірігіп, ақынның философиялық терең ойлары, жүректі тербер лирикалары ұсынылды. Ақын жары Манат Жүкенқызына құрмет көрсетілді.

Несіпбек Айтұлының жырлары ұлттық бояуға бай, философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Оның әндерге жазылған өлеңдерінен қазақтың иісі аңқып тұрады. Соны тап басқан адамдардың бірі де бірегейі – көрнекті қаламгер, ғалым Ақселеу Сейдімбек. Екеуінің бірлестігінен «Сарыарқа» және «Дәурен-ай» секілді ғажап әндер дүниеге келді. Тұрсынжан Шапай Несіпбек ақынмен бірге «Арман», «Дариға-дәурен», «Сәулеғұмыр» атты триптих тудырды. Сондай-ақ Ермұрат Үсеновтің «Меруерт моншақ», «Жалт-жұлт еткен дүние» секілді әндері елге сүйікімді. Басқа да композиторлар Несіпбек Айтұлының өлеңдеріне ән жазды. Мәселен, Қазақстанның халық әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбек ақынмен көп жыл достық, шығармашылық байланыста болды. Кеште Секен күйші сол жөнінде сыр шертіп, «Секеннің қоңыры», «Өкініш» атты күйлерін шертіп берді.

Жалпы кеште Қазақстанның жетекші өнер шеберлері мен шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, Несіпбек ақынның өлеңдеріне жазылған кейбір әндерінің тарихы тарқатылды. Жоғарыда аталған триптихті тыңдарманға жеткізген Қазақстанның халық әртісі Рамазан Стамғазиев осы әндерге тоқталып, оларды әуелетті. Бағлан Бәбіжанның «Ал құрбым» әні мәтінін ақын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Клара Төленбаеваның өтінішімен жазды. Осы әнді әнші мен композитор авторы шырқады. Сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Елшібаева, Ерлан Рысқали, халықаралық және республикалық байқаулар лауреаттары Сәулежан Тақзия, Әйгерім Нартүйе, Өзгеріс Шерікбай, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Бибігүл Қилымхан, т. б. өнерпаздар өнер көрсетті. Елорданың «Жастар» театры мен Музыкалық жас көрермен театрының әртістері ақынның өлеңдерін оқыды.

Несіпбек Айтұлының өлеңіне жазылған рухты әннің бірі – «Муз-Арт» ансамблінің репертуарындағы «Қазақтай ел қайда» шығармасы. Жарылқасын Дәулеттің бұл туындысын Қазақстанның халық әртісі Айгүл Қосанова Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрінің домбырашыларымен салып, кешті түйіндеді.

АҚЫНДАРДЫҢ АЛДЫ ЕДІҢ

Арғымақтай жалды едің,
Ақындардың алды едің.
Кете алмады тірлікте
Алдыңды орап әлдекім.

Несібелі Несенім,
Адалдықпен дос едің.
Өлеңіңді оқысам,
Көңілімнің қошы едің.

Көп ішінде көсемім,
Топ ішінде шешенім.
Елемедің дұшпанның
Өкпесі мен өсегін.

Қай кезде де бірге едің,
Елдің қамын жесе кім?!
Құлагердей құйғытып,
Шабушы едің шаңдатып,
Қайдан келді кеселің?

Құстың тілін білуші ең,
Отқа түссең өртенбей,
Суға батпай жүруші ең.
...Айтып-айтпай не керек,
Тура келген ажалдың
Таба алмадың есебін.

Дастан қосып Дастанға,
Ұштың биік аспанға...
Жеңілмейтін Батырдай
Бес қаруын байланып,
...Ақырында қалдың сен
«Бәйтерекке» айналып!

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ



«ЖОҚШЫ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ақын, журналист Мүсіркеп Сейдахметтің 70 жылдық мерейтойына орай «Жоқшы» атты жаңа кітабының тұсаукесері және «Кәусарын жырдың атқылап, тас жарып шыққан қайнармын» атты шығармашылық кеші өтті. Кітапта туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық болмыс, тарихи жады, рухани ізденіс пен адамгершілік тақырыптары кеңінен көрініс тапқан.

Кешті ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Кітап ісі басқармасының басшысы, жазушы Алмаз Мырзахмет ашып, авторға шапан жауып, сый-сияпат жасады. Одан кейін шараны ақын-жазушы Серік Сағынтай жүргізіп, кітаптың тұсаукесер лентасын ақын-аудармашы Әбжан Әбілтай, «Құрмет» орденінің иегері Жәнібек Ғапбасұлы, абайтанушы Сұлтан Ыбырай және жазушы Алмаз Мырзахмет қиды. Қонақтар автор шығармашылығы жайлы жылы лебіздерін білдірді. Қазақстан Жазушылар одағы Астана қаласы филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы мен ақын Мұхарбек Жәкейұлы сөз сөйлеп, Мүсіркеп Сейдахметке одақтың құрмет грамотасын табыстады. Ақынның замандас, қаламдас достары, ақын, аудармашы Дәурен Берікқажыұлы, журналист Ләззат Қожахмет, т. б. құрмет көрсетіп, ақ тілектерін арнады.

Жиын барысында жиһангер, журналист Ернат Қашқынов Астана қаласындағы ақтоғайлықтар атынан авторға шапан жауып, ат мінгізді. Кеш соңында ақын-жазушы Серік Сағынтайдың шақыруымен қазіргі қазақ ән өнерінің корифейі Амантай Жұмаш өз репертуарындағы туындыларын орындады. Іс-шара Ақтоғайдың гимніне айналған сазгер Дәртай Садуақасов пен ақын Абзал Бөкеннің «Ақтоғай – алтын бесігім» әнімен түйінделді.

Дайындаған **Шапағат ӘБДІР**

СПОРТ

БОКС ЖҰЛДЫЗЫНЫҢ ДӘРІСІ

Астанада әлемдік бокс жұлдызы, кәсіпқой бокста абсолютті әлем чемпионы Рой Джонс жас спортшыларға арналған шеберлік дәрісін өткізді. «Sana» спорт кешеніндегі кездесуде 56 жастағы боксшы жастарға еңбек пен табандылықтың маңызын түсіндірді, әрбір спортшы жеке дайындық жоспарын құруы, техниканы жетілдіруі және ойын тактикасын меңгеруі қажет екенін айтты.



Сондай-ақ спортпен айналысқан адам бос уақытын тиімді пайдаланып, зиянды әдеттерден аулақ жүруі керек екенін атап өтті. Жас спортшылар мен бапкерлер әйгілі боксшыға сұрақтар қойды.

Бокстағы тәжірибесін бөліскен Рой Джонс өзінің карьерасында есте қалған сәттері, спорттағы қиындықтар мен жеңістер туралы айтты.

«Менің бокс карьерам 1974 жылы басталды. Әкем де көптеген боксшыны жаттықтыратын. Бір күні оның бөлмесінде Мұхаммед Әлидің жекпе-жегін көріп, бокс тек күшпен ұру емес, ақыл мен стратегияға негізделген өнер екенін түсіндім. Сол сәттен бастап бокс менің өміріме айналды» деді Рой Джонс.

Жиында даңқты спортшы тек кеңес беріп қана қоймай, рингте ашық жаттығу да өткізді. Ол қатысушыларға бокстың психологиялық және тактикалық қырларын көрсетті. Кезінде карьерасын аяқтағанына қарамастан, 2020 жылы әйгілі Майк Тайсонмен жұдырықтасып, көрерменге шоу тарту еткен еді. Сонымен қатар киноларға да түсіп, музыкалық шығармаларымен де танымал болды. Кездесу соңында Рой Джонс жас спортшылармен естелік суретке түсіп, автограф берді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 145
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ